



"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы тартқан, мемлекет кепілдік берген заем мәселесі жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 14 желтоқсан N 98-ө

"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазақтелеком" ААҚ) тартқан несиенің бір бөлігін өтеуден босату туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының шаруашылық істері жөніндегі сот алқасының шешіміне байланысты, сондай-ақ берілген мемлекеттік кепілдікке орай республикалық бюджеттен қаражат оқшауландыруға байланысты:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Мәсімов - Қазақстан Республикасы Премьер-
Кәрім Қажымқанұлы Министрінің орынбасары, жетекші

Досаев - Қазақстан Республикасы
Ерболат Асқарбекұлы Табиғи монополияларды реттеу,
бәсекелестікті қорғау және шағын
бизнесті қолдау жөніндегі
агенттігінің төрағасы, орынбасар

Дунаев - Қазақстан Республикасының
Арман Ғалиасқарұлы Қаржы вице-министрі

Әйімбетов Сейітсұлтан - Қазақстан Республикасының
Сүлейменұлы Әділет вице-министрі
Тұяқбаев Руслан - Қазақстан Республикасының Көлік
Шеризатұлы және коммуникациялар вице-министрі

Бектасов Әбен - "Қазақтелеком" ААҚ-тың
Ағыбайұлы президенті

Өтепов - Қазақстан Республикасы
Эдуард Карлұлы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру комитеті

төрағасының бірінші орынбасары

Оразәлиева Зәбира - Қазақстан Республикасы Қаржы
Жандарқызы министрлігінің Заң қызметі
департаменті Шаруашылық
шарттар және талап-арыз
жұмыстары басқармасының бастығы;

Ыбырайымов - Қазақстан Республикасы
Рүстембек Қуаталыұлы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік қарыз алу департаменті
Несиелендіру басқармасының бастығы

ЕСКЕРТУ. 1-тармағы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.05.07. N 43-ө
өкімімен.

R020043_

2. Жұмыс тобы:

1) несие келісімінің қолданылуын бастап 2001 жылғы 1 шілдені қоса алғанда,
мемлекет кепілдік берген заемды өтеу жөніндегі соманың "Қазақтелеком" ААҚ-тың
негізгі қызметтеріне белгіленген тарифтеріне енгізілуін және оның есебінен өтелуін
т е к с е р у д і ж ү р г і з с і н ;

2) м ы н а л а р д ы ң :

"Маңғыстаумұнайгаз" және "Каскор" ашық акционерлік қоғамдарының

герман несие желісі бойынша алған жабдықтарының құнын өтеуі;

"Қазақтелеком" ААҚ-ның акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер
төлеуі мүмкіндіктерін қарастырсын;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүргізілген жұмыс нәтижелері
бойынша осы мәселе жөнінде ұсыныс енгізсін.

3. Жұмыс тобына министрліктерден, агенттіктерден және өзге де
ұйымдардан белгіленген тәртіппен тиісті ақпарат сұратуға және алуға,
сондай-ақ қажет болған жағдайда жұмыс тобына жүктелген міндеттерді шешуге
жұмыс тобының құзыретіне енетін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік
органдардың мамандары мен сарапшыларын тарту құқығы берілсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК